

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының докторанты Әкімбек Асқардың 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу тақырыбы қарастырылып отырған мәселенің мәнін ашу арқылы төменде аталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: – «Қазақстан Республикасында мәдени саясатты іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы №914 қаулысы). Қазіргі таңда еліміздің мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – ұлттық өнерді сақтау, зерделеу және оны заманауи талаптарға бейімдей отырып дамыту, сондай-ақ мәдени мұраларды құрметтеп, ұрпаққа жеткізу болып табылады. Бұл ретте Қазақстан Үкіметі креативті экономиканы өркендету мақсатында «креативті индустрия»

			ұғымын енгізу арқылы мәдениетті, экономиканы және әлеуметтік саясатты өзара сабақтастырып, олардың қазіргі заман талаптарына сай дамуына жол ашатын жаңа бағдарлама ұсынды.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама аясында орындалмаған. Алайда болашақта зерттеу нәтижелерін «Креативті индустрия» қағидаттарына сай гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бағытында жүзеге асырылатын ғылыми жобаларға ұсынуға мүмкіндік бар.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Мұхтар Әуезовтің драматургиялық мұрасы мен оның ұлттық театр режиссурасындағы көркемдік интерпретацияларын теориялық және практикалық тұрғыда кешенді зерттеу – қазіргі қазақ театр өнері мен режиссура ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет М.Әуезов

			пьесаларының сахналық қойылымдарындағы режиссерлік интерпретациялардың эволюциясы жүйеленіп, олардың ұлттық театр эстетикасы мен кәсіби режиссура қалыптасуындағы орны анықталды. Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңіндегі режиссерлік ізденістер мен постдрамалық тәсілдердің қолданылу ерекшеліктеріне ғылыми баға берілді. Бұл диссертациялық жұмыс қазақ театртану ғылымының теориялық базасын толықтырып, ұлттық сахна өнерінің заманауи үрдістерін зерделеуге және оқу үдерісінде қолдануға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми-әдістемелік ресурс ретінде ұсынылады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Докторант зерттеу тақырыбының өзекті мәселелерін ашу барысында тарихи-теориялық дереккөздерді жүйелі түрде зерделеп, салыстырмалы талдаулар жүргізген, ғылыми материалдарды саралап, негізделген тұжырымдар жасаған. Жұмыс қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес жоғары ғылыми деңгейде орындалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның ғылыми,

		1) <u>негізделген;</u>	мәдени, теориялық және практикалық маңызымен айқындалады. Мұхтар Әуезов шығармашылығын ғылыми әдіснама негізінде талдау – қазіргі қазақ театртану ғылымының дамуына қосылған елеулі үлес болып табылады.
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық ашуға бағытталған және оның мазмұнымен өзара үйлесім тапқан. Осыған орай, аталған еңбек таңдалған тақырыпқа толық сай келетін және мазмұндық жағынан жан-жақты негізделген ғылыми зерттеу болып табылады.
		1) <u>айқындайды;</u>	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Мақсаты–міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнын нақты ашады және соған толық сәйкес келеді.
		1) <u>сәйкес келеді;</u>	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыс сақталған.
		1) <u>толық байланысқан;</u>	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	XX ғасырдағы кәсіби театр мектептерінің қалыптасуы мен даму үдерісін зерттеу барысында әдіснамалық негіз ретінде орыс-кеңестік және шетелдік театртанушылар мен театр теориясы мен
		1) сыни талдау бар;	

		2) талдау ішінара жүргізілген;	тәжірибесінің өкілдері – К.С. Станиславский, Вл.И. Немирович-Данченко, П. Марков, А.Д. Попов, Г. Товстоногов, А. Арто, Е. Гротовский, П. Брук, А. Смелянский және тағы басқа ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. Сонымен қатар зерттеу Отандық театртану саласындағы белгілі ғалымдар Б.Құндақбайұлы, Ә. Сығай, А. Қадыров, С. Қабдиева, Б. Нұрпейіс, А. Еркебай, А. Мұқан, М. Жақсылықова, З. Исламбаева және т.б. еңбектеріне сүйене отырып жүргізілген. Бұған қоса сахна кеңістігін практикалық тұрғыда меңгерген белгілі режиссерлер – А.Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, М.Байсеркеұлы, Ә.Рахимов және басқа да театр қайраткерлерінің режиссерлік тәжірибелерінен туындаған тұжырымдары назарға алынған.
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңашыл көзқарасқа негізделген. Зерттеу барысында қазақ театртану ғылымында әлі де кеңінен зерделенбеген тақырыптар мен әдістер қамтылғандықтан, бұл жұмыс ғылыми жаңалық ретінде бағаланады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Ғылыми зерттеу жұмыстың қорытындылары жаңа деп айтуға толық негіз бар.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер жаңашылдығымен ерекшеленеді және ғылыми тұрғыдан негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары теориялық және практикалық негіздерге сүйенеді. Негізгі тұжырымдар нақты теориялық базаны, жүйелі талдауды, заманауи әдіснаманы және көркемдік фактілерді ескере отырып жасалған. Бұл зерттеу театртану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосатын, өзектілігі мен мазмұндылығы жоғары ғылыми еңбек ретінде бағалауға лайық.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Жұмыста ұсынылған ережелер дәлелденген. 7.2 Қарсы пікірлер жоқ. 7.3 Ұсынылған ережелердің жаңалығы анық. 7.4 Ережелерді қолдану ауқымы кең.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.5 Зерттеу нәтижелері мен негізгі ережелер 4 ғылыми мақалада баяндалған. Зерттеудің теориялық негіздері мен тұжырымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті ұсынған республикалық басылымдардың 4 журналында және SCOPUS дерекқорына енген, импакт-факторы нөлден жоғары болатын халықаралық ғылыми басылымда жарияланған. Жалпы саны – 5 мақала. Жарияланған мақалалардың мазмұны мен қарастырған мәселелері диссертация тақырыбының бағытына толық сәйкес келеді.
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдістемесі ретінде тарихи-теориялық талдау, салыстырмалы сараптама, хронологиялық және контент-талдау әдістері қолданылып, аталған әдіснамалық ұстанымдар жұмыс барысында басты негізге алынған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік	Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижелерін алу барысында заманауи

		технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	ғылыми ізденістер талаптарына сәйкес компьютерлік технологиялар, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері қолданылған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыстың мазмұнынан туындайтын негізгі қорытындылар өнертану ғылымы тұрғысынан жан-жақты талданып, ғылыми негізде дәлелденген. Алайда зерттеу нәтижелері педагогикалық ғылымдар саласындағы эксперименттік жұмыстармен толықтырылмаған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттердің сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста 116 әдебиет пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері мен жасалған тұжырымдар, түйіндер мен қорытындылар сахна өнері саласындағы мамандарды даярлайтын арнаулы орта
		1) иә;	
		2) жоқ.	

			және жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ актерлік, режиссура және театртану бағыттары бойынша білім алатын магистранттар мен докторанттарға оқу үдерісінде қолдануға ұсынылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Ғылыми зерттеу нәтижелерін «Қазақ театрының тарихы», «Бүгінгі әлемдік театрлық үдерістер», «Актерлік шеберлік», «Қазіргі режиссура мен актерлік өнер» және басқа да пәндердің қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар «Мұхтар Әуезов және театр өнері» атты арнайы курстарда, қазіргі режиссура мен актерлік шеберлікті жетілдіруге арналған біліктілікті арттыру курстары мен семинарлық дәрістерде қолдану мүмкіндігі бар. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері өнертану, мәдениеттану және арнайы кәсіби білім беру салалары үшін әдіснамалық тұрғыдан пайдалы болмақ.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеу барысындағы алынған нәтижелердің «Театртану» ғылымына кәсіби тұрғыдан аса пайдалы болатыны сөзсіз.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертация талапқа сай жазылып рәсімделген.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысында орфографиялық және грамматикалық қателер кездеседі.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбының өзектілігі мен диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі мен мазмұндық маңыздылығын айқындауға бағытталған. Мақалаларда баяндалған зерттеу нәтижелері диссертацияда қол жеткізілген негізгі ғылыми жаңалықтармен толық сәйкес келеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Әкімбек Асқардың 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай рәсімделген, толық аяқталған ғылыми жұмыс. Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне

			сүйене отырып 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.
--	--	--	--

Ресми рецензент:

**К.Байсейітова атындағы Қазақ
ұлттық өнер университетінің
доценті, PhD докторы**



Н.Р.Ескеңдіров